



Товарищество с ограниченной ответственностью

«Маңғыстауэнергомұнай»

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ИМЖ

ҚҰПИЯ АҚПАРАТ БЕРУ САЯСАТЫ


Ақтау қ., 2022ж.

Бұл құжат "Маңғыстауэнергомұнай" ЖШС рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және таратылмайды.




Товарищество с ограниченной ответственностью
«Маңғыстауэнергомұнай»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Құжаттың атауы: **ҚҰПИЯ АҚПАРАТ БЕРУ САЯСАТЫ**

Құжат түрі: Саясат	1-басылым Өзгеріс 0	7-беттің 2-беті
Әзірлеген: Комплаенс офицер  Б.К. Ахбелов «09» 02 2022 ж.	Тексерілді: Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары  К.Ш. Бигалиев «10» 02 2022 ж.	«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС бас директорының «10» 2022ж. бұйрығы- мен бекітілді бұйрық № 17

Алғаш рет әзірленді

КЕЛІСІЛДІ:

№№	Лауазымы	Тегі және аты-жөні	Қолы	Күні
1	Бас директордың АРБ және АТ жөніндегі орынбасары	Б.Н. Избасов		09.02.22
2	Сапа жөніндегі аға инженер (тәуекелдерді басқару жөніндегі маман)	Г. Сагиндыкова		09.02.22
3	Құқықтық және корпоративтік қауіпсіздік тобының жетекшісі	Р.К. Кудеринов		09.02.22

Мазмұны

1. Құжаттың мақсаты және жалпы қағидалар	3
2. Қолданылу саласы	3
3. Анықтамалар мен қысқартулар	4
4. Жауапкершілік	4
5. Ақпараттандыру тәртібі	4
6. Есептілік	7
7. Мониторинг және оқыту	7
8. "Жедел байланыс желісіне" келіп түскен ақпаратты қорғау	7
9. Жазба нысандары	8

 Товарищество с ограниченной ответственностью «Маңғыстауэнергомұнай» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	ҚҰПИЯ АҚПАРАТ БЕРУ САЯСАТЫ	
Құжат түрі: Саясат	1-басылым Өзгеріс 0	8 беттің 3 беті

1. ҚҰЖАТТЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1.1. «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС құпия ақпарат беру саясаты (бұдан әрі – Саясат) «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС (бұдан әрі - МЭМ) құпия ақпарат беру жүйесінің жұмыс істеуінің негізгі қағидаттарын, мақсаттары мен міндеттерін белгілейді.

1.2. Саясат сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының немесе алаяқтықтың белгілері туралы ақпаратты алу және өңдеу тәртібін, хабарланатын фактілерге ден қою рәсімін анықтайды.

1.3. Құпия хабар беру жүйесі мына мақсаттар үшін пайдаланылады:

- МЭМ-нің, оның қызметкерлерінің немесе контрагенттерінің сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына, алаяқтыққа немесе кез келген әдепсіз әрекеттерге қатысуына немесе қатысуға күдік тудыратын өз қызметкерлері мен контрагенттерінің қызметіндегі бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламаларды қабылдау, өңдеу және ден қою бойынша тиімді тетік құру;

- қызметтік жағдайын асыра пайдалануды қоса алғанда, мүдделер қақтығыстарын, алаяқтықты, заңсыз мінез-құлықты, сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау және оларға қарсы іс-қимыл жасау;

- МЭМ-де сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл негіздерін ұйымдастыруды жетілдіру, МЭМ-нің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатында белгіленген шаралардың тиімділігін арттыру.

1.4. «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы шеңберінде алынған хабарламалар осы Саясаттың қолданысына жатпайды және МЭМ қолданыстағы ішкі құжаттарына сәйкес қаралады.

1.5. Қызметкерлер МЭМ-нің, оның қызметкерлерінің немесе контрагенттерінің сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына, алаяқтыққа немесе өзге де заңға қарсы іс-қимылдарға қатысуы немесе қатысуы туралы күдіктену фактілерін «Жедел байланыс желісіне» хабарлауға міндетті.

1.6. МЭМ контрагенттерінің өкілдері МЭМ-нің, оның қызметкерлерінің немесе контрагенттерінің сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына, алаяқтыққа немесе өзге де заңға қарсы іс-қимылдарға қатысуы немесе қатысуы туралы күдіктену фактілерін «Жедел байланыс желісіне» хабарлауға құқылы.

1.7. Комплаенс офицер «Жедел байланыс желісінің» қызметін қамтамасыз етеді және келіп түсетін хабарламаларды қабылдау, өңдеу және оларға ден қою бойынша іс-қимылдарды жүргізгені және үйлестіргені үшін МЭМ-де жауапты болып табылады.

1.8. МЭМ Іскерлік этика кодексіне сәйкес МЭМ Іскерлік этика кодексінің ережелерін бұзу фактілері туралы ақпаратты парақорлық, сыбайлас жемқорлық, мүдделер қақтығысы, бухгалтерлік және қаржылық есептілікке қатысты белгіленген талаптардың бұзылуы, алаяқтық (өкілеттіктерді теріс пайдалану, МЭМ мүлктік залалын беру немесе ысырап ету, келтіруді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей), жосықсыз бәсекелестік, қонақжайлылық пен сыйлықтарға қатысты талаптардың бұзылуы туралы ақпаратты шектемей қоса алғанда, МЭМ қызметкерлері «Жедел байланыс желісіне» хабарлауы тиіс.

1.9. Кез келген белгілер, еңбек даулары және өзге де еңбек мәселелері бойынша кемсітушілік фактілері туралы хабарламалар МЭМ ішкі рәсімдеріне және МЭМ іскерлік этика кодексіне сәйкес барлық хабарламаларды қарайтын ҚМГ омбудсменіне жіберілуге тиіс.

2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

2.1. Саясаттың ережелері МЭМ барлық қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының орындауы үшін міндетті.

 Товарищество с ограниченной ответственностью «Маңғыстауэнергомұнай» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	ҚҰПИЯ АҚПАРАТ БЕРУ САЯСАТЫ	
Құжат түрі: Саясат	1-басылым Өзгеріс 0	8 беттің 4 беті

3. АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Жедел байланыс желісі	МЭМ, оның қызметкерлері мен контрагенттерінің сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына, алаяқтығына немесе кез келген әдепсіз іс-әрекеттеріне қатысуға немесе қатысуына күдік туғызатын МЭМ қызметіндегі бұзушылықтар туралы ақпаратпен МЭМ-ға жүгіну, сондай-ақ көрсетілген хабарламаларды кейіннен өңдеу және ден қою мүмкіндігін қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешені.
Өтініш беруші	«Жедел байланыс желісіне» жүгінген кез келген тұлға
Контрагент	МЭМ-мен шарт/келісім жасасқан не жасасуды жоспарлайтын жеке немесе заңды тұлға.
Қызметкер	МЭМ-мен еңбек қатынастарында тұрған және еңбек шарты бойынша тікелей жұмысты орындайтын тұлға, сондай-ақ агенттік арқылы шарт және азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша тартылатын өзге де тұлғалар.
Жауапты тұлға	«Жедел байланыс желісіне» келіп түсетін хабарламаны қабылдау, өңдеу және оларға ден қою міндетіне кіретін Комплаенс офицер.
Сыртқы тәуелсіз ұйым («Жедел байланыс желісі»)	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ықтимал жасалған немесе жасалатын бұзушылықтары туралы, сондай-ақ осы Саясатта көзделген өзге де мәселелер бойынша хабарламаларды қабылдайтын құпия ақпарат беру жөніндегі сыртқы тәуелсіз ұйым.
ҚМГ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ.
МЭМ	«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

4.1. Комплаенс офицер:

- 1) Саясатты енгізуге және өзектендіруге;
- 2) Саясаттың ережелерін оқытуды ұйымдастыруға жауапты болады.

5. АҚПАРАТТАНДЫРУ ТӘРТІБІ

5.1. Қызметкерлер мен өзге де адамдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және ішкі құжаттарды сақтамағаны туралы өздеріне белгілі болған жағдайда, бұл туралы 5.2-тармақта көзделген тәртіппен мүмкіндігінше тезірек хабардар етуге тиіс. Бұл ретте Қызметкерлер жария етілетін ақпараттың дұрыс және осындай жария ету әділ болуын қамтамасыз етуге тиіс. Сонымен бірге қызметкерден немесе үшінші тұлғадан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы немесе МЭМ ішкі құжаттарын сақтамау жағдайларына қандай да бір тексеру жүргізу талап етілмейді.

5.2. Қызметкерлер мен өзге тұлғалар өз қалауы бойынша ықтимал бұзушылық туралы өзінің алаңдаушылығы жөнінде хабарлауы мүмкін.

5.2.1. Қызметкерлер өзінің тікелей басшысына жүгіне алады. Бұл жағдайда ақпарат беру жеке кездесу кезінде немесе жазбаша нысанда жүзеге асырылады. Егер ақпарат беру жазбаша нысанда жүзеге асырылса, қызметкердің алаңдаушылығын туғызатын мәселенің алдын ала

 Товарищество с ограниченной ответственностью «Маңғыстауэнеpгoмұнай» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	ҚҰПИЯ АҚПАРАТ БЕРУ САЯСАТЫ	
Құжат түрі: Саясат	1-басылым Өзгеріс 0	8 беттің 5 беті

бастауын және хронологиясын баяндаған және осындай алаңдаушылықтың себептерін көрсеткен жөн.

5.2.2. Қызметкерлер қарастырылып отырған мәселенің тікелей басшыға қатысы болса, немесе, егер қызметкер аталған мәселені жоғары тұрған тікелей басшы талқылауды жөн көрмесе, жоғары тұрған басшыға жүгінуі мүмкін. Бұл ретте алаңдаушылық туғызған мәселе мен себептер жазбаша нысанда анық баяндалғаны жөн.

5.2.3. Тікелей басшы/жоғары тұрған басшы:

- болуы мүмкін бұзушылықтар туралы хабарламалар алады;
- осы Саясат және белгіленген рәсім туралы өз Қызметкерлерінің хабардар болуын қамтамасыз етеді;
- алаңдаушылығын оңай айта алатын Қызметкерлер үшін ашық жұмыс қоршаған ортасын ынталандырады;
- тиісті түрде хабарламаны қарайды;
- алаңдаушылық білдірген немесе осы мәселемен жеке айналысатын тұлғаға ұсынымдар беру мүмкіндігін қарайды;
- тексеру жүргізу қажеттілігін қарайды
- егер бұл мүмкін болса, алаңдаушылығын шешеді;
- аталған мәселені шешу мүмкін болмаған кезде оны Комплаенс офицерне жібереді.

5.2.4. Қызметкерлер Комплаенс офицерне жүгіне алады.

Тікелей/жоғары тұрған басшыға хабарламадан басқа, егер Қызметкер алаңдаушылық тудыратын мәселені талқыламауды артық деп санаса, Қызметкер жазбаша түрде Комплаенс офицеріне жүгіне алады. Қызметкерлерге осы Саясаттың **F- 01 нысанына** сәйкес хабарламадағы ақпаратты көрсету ұсынылады.

5.3. Қызметкерлер мен өзге тұлғалар мынадай тәсілдермен бір немесе бірнеше құпия және жасырын негізде Сыртқы тәуелсіз ұйымға өтініш білдіре алады:

- «Жедел байланыс желісінің» бірыңғай электрондық пошта жәшігі: mail@sk-hotline.kz;
- тегін телефон желісі: 8 800 080 4747;
- веб-платформа: www.sk-hotline.com.

Жоғарыда көрсетілген байланыс арналарының бірі арқылы берілген барлық хабарламалар Комплаенс офицерімен өңделеді.

Ақпарат мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерінде хабарлануы мүмкін.

Ақпарат жасырын нысанда «Жедел байланыс желісінде» хабарлануы мүмкін. Алайда, жасырын хабар беру кезінде қосымша мәліметтер алу немесе өтініш беруші ұсынған ақпаратты жария ету қажеттігі туындауы мүмкін болғандықтан, тиісті түрде әрекет ету қиынға соғады. Өтініш берушінің деректерінің болуы және олармен тілдесу мүмкіндігі барынша мұқият және тиімді хабарламаны қарауға мүмкіндік береді. МЭМ Өтініш берушілерге кол жеткізілген нәтижелер туралы Өтініш берушілерді одан әрі тексеруге және хабардар етуге көмек көрсету үшін байланыс ақпаратын өз атынан хабарлауға шақырады.

МЭМ бұл қолданылатын заңнамада талап етілген жағдайларды қоспағанда, Өтініш берушінің жасырындылығын бұзуға тырыспайтын болады.

Сыртқы тәуелсіз ұйым құпиялылық негізде, сондай-ақ егер Өтініш беруші жасырын қалуды қаласа – жасырын негізде Жауапты тұлғаға келіп түскен барлық хабарламаларды береді.

5.4. Жауапты тұлға ақпаратты хабарлау тәсілі мен нысанына қарамастан, Комплаенс офицерне және/немесе «Жедел байланыс желісіне» келіп түскен барлық хабарламаларды қарауға міндетті.

5.5. Барлық келіп түскен хабарламалар Саясаттың **F- 02 нысанына** сәйкес Хабарламалар тізілімінде Жауапты тұлғамен көрсетіледі.

 Товарищество с ограниченной ответственностью «Маңғыстау энергомұнай» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	ҚҰПИЯ АҚПАРАТ БЕРУ САЯСАТЫ	
Құжат түрі: Саясат	1-басылым Өзгеріс 0	8 беттің 6 беті

5.6. Хабарламаны алғаннан кейін Жауапты тұлға мынадай ретпен бұзушылықтар туралы алған хабарламаларға қатысты алдын ала тексеру жүргізеді:

5.6.1. Бұзушылық туралы хабарлама сипатының сәйкестігі белгіленеді. Егер ақпарат Саясаттың 1.9. тармағында көрсетілген фактілер туралы хабарлама болып табылған жағдайда Жауапты тұлға ҚМГ Омбудсменіне ақпаратты алған сәттен бастап 24 сағат ішінде хабарлама береді және бұл жөнінде Өтініш берушіге хабарлайды.

5.6.2. Егер ақпарат Саясаттың 1.8. және 1.9. тармақтарында көрсетілген ақпарат болып табылмаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының, өзге қолданылатын заңнаманың немесе МЭМ ішкі құжаттарының кез келген бұзушылығы туралы ақпарат болып табылмаған жағдай болса, онда Комплаенс офицер келіп түскен ақпаратқа ден қоймау құқығын өзіне қалдырады. Мұндай жағдайда келіп түскен материалдар құжатталады, келіп түскен ақпаратқа ден қойылмағандығы туралы белгі жасалады.

5.6.3. Бұзушылық туралы хабарламаның маңыздылығы, алынған ақпараттың дұрыстығы, сондай-ақ ақпарат көзіне сенім дәрежесі бағаланады. Егер келіп түскен ақпараттың маңыздылығы, шынайылығы немесе өтініш берушіге сенім білдіру мүмкіндігі расталмаған жағдайда, келіп түскен материалдар құжатталады, келіп түскен ақпаратқа сенімсіздік туралы белгі қойылады.

5.6.4. Егер келіп түскен ақпаратқа ден қою туралы шешім қабылданған жағдай болса, онда хабарлама МЭМ ішкі құжаттарына сәйкес қаралады. Келіп түскен ақпаратты қараудың мақсаты әлеуетті не жасалған құқық бұзушылық туралы ақпараттың дұрыстығын растау және қажет болған жағдайда ішкі тергеу нәтижелері бойынша тиісті шаралар қабылдау болып табылады.

5.7. Саясаттың 5.6. тармағында көрсетілген іс-әрекеттер барынша қысқа мерзімде, бірақ ақпаратты алған сәттен бастап 72 жұмыс сағатынан аспайтын мерзімде әрбір хабарлама/күдік бойынша жүргізіледі.

5.8. Жауапты тұлға мынадай кез келген хабарламалар туралы МЭМ басшысын дереу хабардар етуге міндетті:

5.8.1. МЭМ бизнесті жүргізу қабілетіне әсер етуі мүмкін елеулі алаяқтықпен немесе құқыққа қарсы қызметтің басқа түрлерімен байланысты немесе болжалды байланысты болуы мүмкін;

5.8.2. Ішкі бақылаудың жеткіліксіздігі немесе елеулі процестің тиімсіздігі туралы елеулі немесе кең таралған фактімен байланысты немесе болжалды байланысты болуы мүмкін;

5.8.3. Болжам бойынша, фактілер жария болған жағдайда МЭМ беделіне айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін немесе МЭМ жария есептілігімен елеулі алшақтықтарға әкелуі мүмкін немесе болжам бойынша өзгерістер енгізуді немесе МЭМ жария есебін қайтадан жасауды талап етуі мүмкін.

5.9. Кері байланыс үшін байланыс болған кезде Жауапты тұлға алу тәсіліне қарамастан, жазбаша жауап беру жолымен 72 жұмыс сағат ішінде хабарлама алғаны туралы хабардар етеді.

5.10. Келіп түскен шағымдар/өтініштер бойынша дәлелдерді алдын ала тексеру нәтижесінде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері байқалған жағдайда, тексеру материалдары заңнама талаптарына сәйкес құзыреті бойынша уәкілетті құқық қорғау органдарына материалдарды одан әрі жіберу туралы шешім қабылдау үшін компанияның бірінші басшысына жіберіледі;

5.11. Компанияның бірінші басшысына қатысты келіп түскен шағымдар/өтініштер бойынша дәлелдерді алдын ала тексеру нәтижесінде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері байқалған жағдайда, тексеру материалдары заңнама талаптарына сәйкес

 Товарищество с ограниченной ответственностью «Маңғыстау Энергомұнай» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	ҚҰПИЯ АҚПАРАТ БЕРУ САЯСАТЫ	
Құжат түрі: Саясат	1-басылым Өзгеріс 0	8 беттің 7 беті

құзыреті бойынша уәкілетті құқық қорғау органдарына материалдарды жіберу мәселесін қарау үшін ҚМГ қауіпсіздік бөлімшелеріне және Комплаенс қызметіне жіберіледі.

6. ЕСЕПТІЛІК

6.1. Комплаенс офицер МЭМ Бақылау кеңесіне Комплаенс офицеріне және Сыртқы тәуелсіз ұйымға келіп түскен хабарламалар, қарау мәртебесі туралы тоқсан сайын есеп береді.

Ақпарат:

- келіп түскен хабарламалар санын;
- олар бойынша тексеру жүргізілген (нақты фактілері немесе алдын ала ақпарат бар тергеуге қабылданған) релевантты хабарламалардың санын;
- хабарлама расталды ма немесе жоқ па екендігі туралы ақпаратты (ішінара растаған жағдайда (егер хабарламаның бір бөлігі расталса) растағанын көрсету қажет);
- қабылданған тәртіптік және/немесе түзету шаралары туралы ақпаратты (орындау және басымдық мерзімдері көрсетілген);
- бұзушылық жасалған қызметтің саласын (сатып алу, еңбек қақтығыстары, мүдделер қақтығысы, алаяқтық және т.б.) қамтуға тиіс.

6.2. МЭМ басшылығына, Бақылау кеңесіне есеп беретін тұлғаларға қатысты хабарлама келіп түскен жағдайда комплаенс офицер мұндай хабарламалардың көшірмесін ҚМГ Комплаенс қызметінің басшысына 24 сағат ішінде жібереді.

6.3. Сұрауы бойынша келіп түскен хабарламалар бойынша есептілік ҚМГ-ға ұсынылады.

7. МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ ОҚЫТУ

7.1. МЭМ Саясатты ашық талқылауға дайын қызметкерлерді құптайды және оны жетілдіру бойынша кез келген сындарлы ұсыныстарға оң қарайды.

7.2. МЭМ тұрақты негізде (қажеттілігіне қарай не екі жылда бір рет) Саясаттың талаптарын қайта қарайды және қажет болған кезде ҚМГ ұсынымдарын ескере отырып, оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді.

7.3. Саясат әрбір Қызметкерге түсінікті және қолжетімді болуға тиіс. Барлық жаңа Қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту семинарлары шеңберінде не бейімдеу курсы шеңберінде Саясат бойынша оқудан өтуге міндетті.

7.4. «Жедел байланыс желісі» бар екендігі туралы қызметкерлердің хабардар болуын арттыру мақсатында Комплаенс офицер тұрақты негізде (жарты жылда бір рет) МЭМ қызметкерлері арасында жіберілімді жүзеге асырады, сондай-ақ веб-сайтта орналастырады.

8. «ЖЕДЕЛ БАЙЛАНЫС ЖЕЛІСІНЕ» КЕЛІП ТҮСКЕН АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ

8.1. Жауапты тұлға, сондай-ақ хабарламаларды қарауға іске тартылған өзге де қызметкерлер өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау шеңберінде «Жедел байланыс желісіне» берілген ақпаратты пайдалануға міндетті.

8.2. МЭМ осындай өтініш берушінің бұзушылық туралы хабарламаны жіберуімен туындаған МЭМ қызметкерлерінің немесе МЭМ контрагенттері өкілдерінің кез келген теріс көріністерінен немесе әрекеттерінен бұзушылық туралы хабарламаны жіберген Өтініш берушінің қорғалуын қамтамасыз етеді.

 Товарищество с ограниченной ответственностью «Маңғыстау энергөмүнай» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	ҚҰПИЯ АҚПАРАТ БЕРУ САЯСАТЫ	
Құжат түрі: Саясат	1-басылым Өзгеріс 0	8 беттің 8 беті


9. ЖАЗБА НЫСАНДАРЫ

Нысан коды	Атауы
F-01	Хабарламада көрсетілуге ұсынылатын ақпараттың тізбесі
F-02	Хабарламалар тізілімі

	Хабарламада көрсетілуге ұсынылатын ақпараттың тізбесі		
ИМЖ нысаны	F-01	1-ші басылым	1 беттің 1 беті


Құпия ақпарат беру саясатына

- Байланыс деректері (Өтініш берушінің қалауы бойынша көрсетіледі):
 - тегі, аты, әкесінің аты;
 - Өтініш берушінің мәртебесі (МЭМ қызметкері, МЭМ контрагентінің өкілі, үшінші тұлға);
 - байланыс ақпараты (телефон нөмірі, электрондық поштаның мекенжайы)
- Хабарламаның тақырыбы (мысалы, сыбайлас жемқорлық, парақорлық, алаяқтық, мүдделер қақтығысы)
- Бұзушылық және егжей-тегжейлілік туралы хабарлама: сипатталатын құқық бұзушылықтың, не жоспарланатын құқық бұзушылықтың қашан, қайда және қалай болғаны, кім бұзушылыққа жол бергенін, осы бұзушылықтың МЭМ-мен қалай байланысты екені, сондай-ақ хабарламаны қарау үшін қажетті кез келген өзге ақпаратты.
- Қосымша сұрақтар:
 - Сіз біздің Өзіңізбен хабарласқанымызды қалайсыз ба? (егер иә болса, онда байланыс деректеріңізді көрсетуіңіз қажет)
 - Сіз өз хабарламаңызды қарау нәтижелері туралы ақпарат алғыңыз келе ме?
 - Сіз бұзушылық туралы хабарламада жазылған фактілерді растайтын құжаттарды немесе өзге материалдарды ұсына аласыз ба?



1 беттің 1 беті

[illegible]



	ТАНЫСУ ПАРАҒЫ		
	ИМЖ нысаны	F-04/ MEM-PR-20-02	1-ші басылым 1 беттің 1-беті

	ТАНЫСУ ПАРАҒЫ		
	ИМЖ нысаны	F-04/ MEM-PR-20-02	1-ші басылым 1 беттің 1-беті

	ТАНЫСУ ПАРАҒЫ		
	ИМЖ нысаны	F-04/ MEM-PR-20-02	1-ші басылым 1 беттің 1-беті

	ТАНЫСУ ПАРАҒЫ		
	ИМЖ нысаны	F-04/ MEM-PR-20-02	1-ші басылым 1 беттің 1-беті

	ТАНЫСУ ПАРАҒЫ		
	ИМЖ нысаны	F-04/ MEM-PR-20-02	1-ші басылым 1 беттің 1-беті

Құжат аты: «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС кұпия ақпарат беру саясаты»

[illegible]


Таныстыруды жүргізген:

Лауазымы

Қолы

ЛТЫ-ЖӨНІ

« » _____ 20 г.



	ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ		
	ИМЖ нысаны	F-05/MEM-PR-20-02	1-басылым

	ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ		
	ИМЖ нысаны	F-05/MEM-PR-20-02	1-басылым

	ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ		
	ИМЖ нысаны	F-05/MEM-PR-20-02	1-басылым

	ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ		
	ИМЖ нысаны	F-05/MEM-PR-20-02	1-басылым
		1 беттің 1-беті	

	ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ		
	ИМЖ нысаны	F-05/MEM-PR-20-02	1-басылым

Құжат аты : «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС құпия ақпарат беру саясаты»

[illegible]